



МЭРЛЕР БЕЙБІТШІЛІК МЕКЕНІ ҚАЗАҚСТАН БОЛАДЫ ДЕП ОТЫР



Суретті түсірген Сергей Суоров

Ядролық қарусыз әлемге бірінші болып қадам басқан Қазақ елі атом аждаһасынан адамзат баласын қорғауды мақсұт тұтқан тағы бір игі бастамаға мұрындық болды. Сынақ полигонынан қасірет шеккен һәм үнемі тың идеяларға ұйтқы болып жүретін біздің Шығыста «Мэрлер бейбітшілік үшін» халықаралық ұйымының өкілдері бас қосып, ауқымды ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

Бельгияның Ипр қаласының мэрі, «Мэрлер бейбітшілік үшін» халықаралық ұйымы «Болашақ – 2020» компаниясы директорлар кеңесінің төрағасы Люк Деане бастаған еуропалық делегация алдымен облыс орталығы Өскемен қаласына ат басын бұрды. Мұнда шетелдік меймандар «Үлбі металлургиялық зауыты» АҚ-ның

кәсіпорынында болып, жұмысымен танысқан соң облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВПЕН кездесті.

Өнеркәсіптің қазіргі тынысын баяндамас бұрын «ҮМЗ» АҚ-ның басқарма төрағасы Юрий Шахворостов жақында Бельгиядағы болған автобус апатының салдарынан көз жұмған мектеп оқушыларының қазасына

қатысты көңіл білдірді.

«Қазатомпром» ұлттық компаниясына қарайтын, алпыс жылдан астам тарихы бар бұл металлургиялық зауыт негізінен шикізат өндірумен айналысатын әлемдегі ірі өндіріс орны.

(Соңы 2,3-беттерде)

Мэрлер бейбітшілік МЕКЕНІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Еуропалық делегаттардың «ҮМЗ»-ға арнайы тоқтап, тыныс-тіршілігін көзбен көруі тегін емес. Өйткені, сонау жетпісінші жылдардың басында бұл жерде атом энергетикасы саласын дамыту бағытында үлкен шаруалар қолға алынған-ды. Нақтырақ айтсақ, бұрынғы Кеңес одағының аумағындағы АЭС-терді жылумен қамтамасыз ету мақсатында құрамында уран қосындысы бар таблеткалар шығару міндеті Шығыстағы зауыттың мойнына жүктелген. Кейіннен тәуелсіздік алған жылдардан бастап өнеркәсіп дамудың жаңа белестерін бағындыруға көшті. Тантал, бериллий, уран сияқты сирек кездесетін металдарды өндіруге білек сыбана кірісуі оны әлемдегі алдыңғы қатарлы кәсіпорындар қатарына шығарды. «ҮМЗ»-нің басқарма төрағасы Юрий Шахворостов ресми делегаттарға осындай қызықты да маңызды мәліметтерді айта жүріп кәсіпорын өндіретін өнімдерді көрсетті. «Біздерде мынадай бар, мынадай бар» дегендей, өскемендік зауытта шетелдіктердің көңілін аударарлық тамаша дүниелер көп екен.

Құрамында тантал және ниобий бар кез келген шикізатты қайта өңдей алатын заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған біздің кәсіпорынның шығарған бірқатар өнімдері бүгінде күнделікті өмірімізде қолданып жүрген ұялы телефондарды, аудио-бейне-фототехникаларды, компьютерлерді жасауға пайдаланылады. Сондай-ақ, миниатюралық тантал конденсаторлары автомобиль өнеркәсібі, әскери-өнеркәсіптік кешені үшін де қажет, – деп түсіндірген Юрий Шахворостов тантал, бериллий, уран металдарынан өндіретін дүниежүзінде зор сұранысқа ие тауарлардың бір парасын таныстырды.

Бұған қоса ыстыққа төзімділік, иілгіштік, коррозияға шынайы беріктігі сияқты бірегей қасиеттері арқасында тантал металлургияда, металл өңдеуде, химиялық машина жасауда, аспаптар жасауда, аэроғарыштық техникада, медицинада, ядролық энергетикада кеңінен қолданылады.

Айта кету керек, тантал өндірісінде жаңа буындағы сыйымдылығы жоғары тантал конденсаторлы ұнтақтарын шығаратын тәжірибелік-өнеркәсіптік желінің қосылуымен еліміз «ҮМЗ» арқылы сыйымдылығы жоғары ұнтақтар шығару мүмкіндігіне ие әлемдегі төртінші елге айналды, конденсатор жасау саласында алғашқы отандық жобаны жүзеге асырды. Қазақстанның электронды өнеркәсібін қалыптастыруға бекінді.

Қазір Шығыстан тарайтын тантал өнімдерін тұрақты тұтынушылар қатарында АҚШ, Ресей, Франция, Германия, Жапония және Қытайдың әйгілі компаниялары бар.

Зауыттың басқарма төрағасы Юрий Шахворостов сондай-ақ, уран мен бериллийден өндіретін өнімдерді құрметті қонақтардың назарына ұсынып, бейбіт мақсатта кәдеге жаратылатын атом энергетикасының жайына да тоқталды. Одан кейін Бельгия мэрі Люк ДЕАНЕ бастаған делегаттар «ҮМЗ» АҚ жайында әзірленген деректі фильмді тамашалады.

Кәсіпорында болғаннан кейін халықаралық ұйым мүшелері облыс әкімдігінде аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВпен кездесуге келді.



Суретті түсірген Есімхан Орынбаев

зардап шеккен Семей жеріне табан тіреп отырсыздар, өздеріңізге барлық шығысқазақстандықтардың ыстық ықыласын жеткізгім келеді, – деді облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ. – Бүгін осында ядролық соғысқа қарсы көптеген адамдар жиналып отыр. Олар ядролық соғыстың зардабын тікелей өз бастарынан өткерген. Ядролық апат дерті ұрпақтар үшін де аса қауіпті екендігі жасырын емес. Сондықтан болар, Түйебойнақ аралына жастар қауымы өте көп жиналғандығын байқап тұрмыз. «Мэрлер бейбітшілік үшін» ұйымы адамдар санасында соғыс туралы керемет пікірлерді өзгертуге атсалыспақшы. Бұл ұйымның бағыты біз үшін аса маңызды. Қазақстандықтар сіздердің алға қойған мақсаттарыңызды толығымен қолдап, қуаттайды.

Міне, бүгін «Өлімнен де күшті» монументінің қасында тұрып, Елбасымыз айтпақшы, біз әлі де болса бейбіт өмір үшін күресімізді жалғастыра береміз. Өйткені, атомның құрбаны болып кеткендер ешқашан да ұмытылақ емес. Курчатов қаласында өтетін конференция осы бағытымызды нықтай түсіп, «Мэрлер бейбітшілік үшін» ұйымымен тығыз қарым-қатынас орнатуымызға мүмкіндік береді деп үміттенеміз.

– Бүгін мұнда келгендердің басым көпшілігі жастар екендігі бізді қуантады, – деді «Мэрлер бейбітшілік үшін» халықаралық ұйымы «Болашақ – 2020» компаниясы директорылар кеңесінің төрағасы, Ипр қаласының мэрі Люк ДЕАНЕ. – Сіздердің осылай ұйымшылдықпен жиналуларыңыз біздің бастаманы толық қолдайтындықтарыңыздың белгісі. Және Семей жастары болашақтарына бейжай қарамайтындықтарың дәлелдеп отыр. Осында келіп, қолдау танытқандықтарыңыз үшін рақмет айтамын. Біздің ұйымның құрамында әлемнің әр қаласының мэрлері бар. Бүгіннен

өмірін сақтауға байланысты атқарып жатқан жұмыстармен танысты. Онкологиялық диспансерде жаңа ғылыми жобаның тұсауы еркін бірден ағылшын тілінде өтіп, оның тың жаңалықтары мен адам өмірін сақтауға байланысты маңызды сәттеріне барлығы куә болды. Онкологиялық диспансер басшысы Марат Сандыбаев келген делегацияға «Радиологиялық орталық» құрылысына, қашықтықтан сәулемен емдеуге арналған аппарат және жаңа корпусның ашылуына орай бүгінгі жаңа үлгідегі радиологиялық құрылғылармен жабдықтау және радиоизотопты диагностика жасау бөлімі жайында айтып берді. Диспансер радиологиялық қызметті дамытуға арналған МАГАТЭ грантын ұтып алыпты. Соған орай радиология орталығын жаңа және қауіпсіз сәуле аппараттарымен жабдықтау, мамандарды оқыту жоспарланған. Сонымен бірге МАГАТЭ радиологиялық орталықта ТМД мемлекеттерінің мамандарын оқытуға арналған білікті орталық құрып, сәулелі қондырғыларға сервистік қызмет көрсету де ойластырылыпты. Семейдің өңірлік онкологиялық диспансерінің бір ерекшелігі қатерлі ісіктермен зардап шегетін науқастарды анықтау мен емдеудің мол мүмкіндігі болып табылады. Мұнда бүгінгі күні қолданыстағы барлық анықтау мен емдеу технологиялары жинақталған, ғылым мен тәжірибе арасында тығыз шығармашылық байланыс қалыптасқан. Бүгінгі күні диспансер көптеген халықаралық ұйымдармен байланыс жүргізіп отырғандығына шетелдік делегация тікелей куә болды. Келген қонақтарға экрандағы слайдтар арқылы жаңа жұмыстар жобасынан ақпараттар берілді. Мәселен, медицинасы жоғары дамыған жапондық әріптестермен тәжірибе алмасу қызметі жақсы жалғасын тауып, бұл әріптестік оң нәтижесін беруде. Мұнда Ресейдің ірі онкологиялық орталықтары және мекемелерімен әріптестік қызмет жолға қойылған. Алтай өлкелік онкология орталығымен, Н.Блохин атындағы Ресейдің онкологиялық ғылыми зерттеу институтымен жан-жақты әріптестік келісімшарт бекітіліп, Татарстан Республикасы денсаулық сақтау министрлігі Қазан онкологиялық диспансерімен қызметтестік туралы меморандумға қол қойылыпты. Диспансер ұжымы Ресейдің ірі онкоорталықтарымен және Нагасаки университетімен ғылыми-тәжірибелік байланысты нығайтуға күш салуда.

Келесі кезекте делегация тобы қаладағы радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институтында болды. Мұнда халықтың денсаулығын зерттеп, ем шараларын жүргізу жұмыстары атқарылады.

Қазіргі уақытта институттың ғылыми-тәжірибелік бөлімінің радиология бөлімі, эпидемиология бөлімі және клиникалық эпидемиология бөлімшесі, радиология және цитогенетикалық лаборатория биологиялық дозиметрия кіреді. Бұл институтта әртүрлі радиологиялық жағдайларда сәулеленуге түскен халықты жаңа сапалы технология, ғылыми зерттеулер арқылы емдеу шаралар қолға алынған. Сол сияқты Қазақстан аумағының полигон аймақтарын бақылайтын радиологиялық мониторинг, сәулеленудің көлемін бағалау мен демографиялық салдарын сипаттау, онкологиялық және радиация әсерінен туындайтын аурулар бағытының ерекшелігін зерттеу сияқты ғылыми жұмыстар жүргізіледі.

Семейде өкілдік ашылды

«Мэрлер бейбітшілік үшін» ұйымының делегациясы сапарлары Семей қаласының әкімдігінде жалғастырды. Мұнда Ипр қаласының мэрі Люк ДЕАНЕ мен Семей қаласы әкімі Айбек Кәрімов бауырлас қатынасты бекіту құжаттарына қол қойды. Сонымен қатар Семейде «Мэрлер бейбітшілік үшін» халықаралық ұйымы хатшылығының ресми өкілдігі ашылды.

– Бүгінгі келісімге қол қою екі бауырлас қаланың дамуына тың серпін беретін болады, – деді облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ. – Семейде біздің ұйым хатшылығының өкілдігін аша отырып, семейліктердің белсенді ұстанымына сенеміз. Өйткені, олар бейбітшілік идеясын таратуда үлгі көрсетіп келеді, – деді Люк ДЕАНЕ.

Қалаларымыз халықаралық ұйымның қатарына енді

Келесі күні Курчатов қаласында «Мэрлер бейбітшілік үшін» атты халықаралық ұйым өкілдерінің қатысуымен «Жаңа ұрпақ ядролық қарусыз әлемді қалайды» атты ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.

Ауқымды іс-шара аясында еліміздің 12 қаласы, атап айтсақ, Қарағанды, Павлодар және өңіріміздегі Өскемен, Семей, Курча-

тов, Риддер, Зырян, Зайсан, Аягөз, Шемонайха, Шар, Серебрянка қалалары ұйымға мүшелікке енді. Семей мен Бельгияның Ипр қаласы арасында өзара түсіністік пен ынтымақтастық жөніндегі меморандум нақты.

Конференция жұмысына Бельгия, Норвегия, Хорватия, Франция, АҚШ, Қытай мен Ресей сынды жеті мемлекеттен келген делегаттар және отандық ғалымдар атсалысты. Олардың қатарында «Назарбаев орталығы» көпсалалы ғылыми-сараптамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесінің директоры Қанат САУДАБАЕВ, Ипр қаласының (Бельгия) мэрі, «Мэрлер бейбітшілік үшін» халықаралық ұйымы директорылар кеңесінің төрағасы Люк ДЕАНЕ, Фрогн қаласының (Норвегия) мэрі Тор ВЕС-БИ, Муродағы Биоград қаласының (Хорватия) мэрі Иван КНЕЗ, «Мэрлер бейбітшілік үшін» халықаралық компаниясының директоры Аарон ТАВИШ болды.

Келелі кеңестің өтуіне себепкер болған «Мэрлер бейбітшілік үшін» халықаралық ұйымы Хиросима және Нагасаки мэрлерінің бастамасымен отыз жыл бұрын құрылған 1945 жылы Жапон еліндегі жүз мыңдаған адамның өмірін жалмаған қасірет қайталанбас үшін ұйым бүкіл әлемді ядролық қарауды жоюға шақырады. Негізгі мақсаты – дүниежүзінде атом қаруын қолдануға жол бермеу және қарусыздану, 2020 жылға дейін барлық қала басшылары ядролық қарусыз әлем қозғалысына біріктіру.

Белделді халықаралық ұйымның қызметі жер-жаңдағы қалалардың басын біріктіре отырып, ядролық қарусыз әлем құруға ынтымақтасу мемлекеттердің өзара ынтымағын дамытуға бағытталған. Бүгінгі таңда ұйымның қатарында 153 елдің 5136 қаласы бар.

Ипр қаласының мэрі Люк ДЕАНЕ бастаған еуропалық делегация мүшелері мен «Мэрлер бейбітшілік үшін» халықаралық ұйымы хатшылығының өкілдері ең алдымен Курчатов қаласындағы стратегиялық нысандардың жұмысымен танысты. Жекелей тоқталсақ, EAGLE зерттеу-тәжірибелік реакторымен, «Токамак КТМ» материалтануға арналған термоядролық реакторымен, сонымен қатар Ядролық технологиялар паркінде, Улттық ядролық орталықтың радиациялық қауіпсіздік және экология институтында атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты.

«Қазақстандық «Токамак КТМ» термоядролық материалтану реакторын жасау» жобасы мәртебелі меймандардың ерекше қызығушылығын туғызды. Ол – термоядролық энергетикаға арналған жоғары температура, қуатты магниттік өріс және ионды сәулелену жағдайларында жұмыс істейтін тиіс материалдарды сынау және зерттеу үшін арнайы әзірленген әлемдегі бірегей қондырғы.

Ядролық технологиялар паркін құрудың басты мақсат – ядролық технологиялар саласындағы компанияларды өсірету арқылы еліміздің индустриалық-инновациялық бағытта дамуы екені белгілі. «Ядролық технологиялар паркі» қазіргі кезде бірқатар инновациялық кәсіпорындар құрып, бизнес жүргізудің нақты да озық орталығына айналуда. Технопаркте қазір ЭЛВ-4 электронды үдеткіші негізіндегі радиациялық технологиялар кешені, ИЛУ-10 электронды жылдамдатқышы базасындағы радиациялық сүзгілеу корпусы жұмыс істеп тұр.

Ядролық технологиялар паркінде қонақтарға өндіретін өнімдердің тұржынын көрсетілді. Олар полиспан материалынан дәрігерлерге арналған медициналық киімдерді шығаратын «Мерусар және К» ЖШС цехтарын аралап көрді. Аталмыш киімдер радиациялық залалға төтеп беретін жоғары сапаға ие.

Конференция жұмысын облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ ашты.

– Семейдегі сынақ полигоны Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ Жарлығымен 1991 жылы жабылып, Курчатов қаласы өндірісті, ғылымды дамыту қаласына айналды. Оны өздеріңіз бүгін аралап көрдіңіздер. Қазір ядролық жабдықтың дамуына жұмыстары тоқтап, ғылыми өндіріс дамып жатыр. Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ осыдан 20 жыл бұрынғы бастамасы дүниежүзінде қолдау тауып, қазір көптеген халықаралық ұйымдар сол бастаманы жалғастырып, Семейден кейін Невадада (АҚШ), тағы да басқа елдерде ядролық қаруды, басқа да адамның денсаулығына, өміріне зиян келтіретін жаппай қырып-жою қаруларын жою басталды. Өздеріңіз кешеден бері Өскемен, Семей, бүгін Курчатов қаласында Қазақстанда осы бағытта қандай жұмыстар атқарылып жатқанын көрдіңіздер. Бельгияның Ипр қаласында құрылған «Мэрлер бейбітшілік үшін» халықаралық ұйымының өкілдері кеше Семейде болып, бұрынғы Кеңес одағына енген елдердің ішінде өздеріңіз алғашқы өкілдің ашты. Біз осы ұйымның басшылығына өз ризашылығымызды білдіреміз! Біздің ойымызша, сол ашылған өкілдік тек қана Қазақстанның қалаларын емес, көршілес Ресей, Қытай, Орталық Азияның қалаларын да осы ұйымға қосуға септігін тигізеді деп ойлаймыз. Өздеріңіз куә болып отырсыздар, 90-шы жылдардың бас кезінде тоз-тозы шыққан Курчатов қаласы қазір қайтадан өзінің қалпына келуде. Тұрғындарының саны артып, олардың тұрмыс жағдайы да жақсарып жатыр, – деді өз сөзінде аймақ басшысы.

Келесі сөз кезепі «Назарбаев орталығы» көпсалалы ғылыми-сараптамалық және гуманитарлық-ағартушылық мемлекеттік мекемесінің директоры, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы жаппай қырып-жоюын қаруларды таратпау мәселелері жөніндегі комиссияның төрағасы Қанат САУДАБАЕВқа берілді. Ол баяндамасында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ келелі кеңеске қатысуына арнаған үндеуін жария етті.

– «Мэрлер бейбітшілік үшін» сияқты қуатты ұйымдар ядролық қаруға қарсы қозғалысқа үлкен серпін беруде. Бүгінгі біздің форум кезінде әлемдегі ең ірі саналған Семей сынақ полигоны төңірегінде болып жатқаны да бекер емес. Елбасымыз Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ және халқымыз тәуелсіздік алған жылдардан бастап ядролық қаруды жою мен таратпау жолында қажырлы қызмет атқарып келе жатыр.



Суретті түсірген Есімхан Орынбаев

– Ипр қаласының мэрі Люк ДЕАНЕ осы ғылыми-конференцияны ұйымдастырғаны үшін ризашылығымызды білдіремін. Ядролық қарудың зардабын тартқан өңір ретінде бізді «Мэрлер бейбітшілік үшін» халықаралық қозғалыстың көтеріп отырған бастамасын қызу қолдаймыз. Шығыстағы барлық қалалардың әкімдері мен Павлодар, Қарағанды облыстарының басшылары да бізге қосылады. Сонымен қатар біз аталған конференция аясында жастар ұйымдарының «Жаңа ұрпақ ядролық қарусыз әлемді қалайды» атты бастамасына мән беріп, қолдаймыз. Және де халықаралық ұйымның басшылығына Семей қаласында өздерінің өкілдігін ашуға келісім бергені үшін алғысымызды айтамын, – деген облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ алыстан ат арытып келген меймандарға, еліміздің Люксембург және Бельгия Корольдігіндегі Төтенше және өкілетті елшісі, Қазақстан Республикасының Еуропалық Одақ пен НАТО-дағы миссиясының басшысы Ерік ӨТЕМБЕКҚА ризашылығын жеткізді.

Ескерткіш белгі қойылды

Бұдан соң облыс орталығынан аттанған халықаралық ұйым өкілдері Семейге келді. Шетелдік делегаттар әуелі қаладағы Түйебойнақ аралында орналасқан «Өлімнен де күшті» монументіне гүл шоқтарын қойып, сынақ полигонының зардап шеккен құрбандарды бір минут үнсіздікпен еске алды. Облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ пен «Мэрлер бейбітшілік үшін» халықаралық ұйымы «Болашақ – 2020» компаниясы директорылар кеңесінің төрағасы, Ипр қаласының мэрі Люк ДЕАНЕ екеуі «Қала мэрлері ядролық қарусыз әлем үшін» атты құлпытасы атланатты түрде ашты.

– Құрметті қонақтар, бүгін, міне, сіздер ұзақ жылдар бойы сынақтардан